



атамұра

ғылыми-әдістемелік
орталығы



АТАМҰРА

ғылыми-әдістемелік
журналы

Астана қаласы, 2024 жыл

2024

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ**

**«АТАМURA EDUCATION» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

АСТАНА 2024

Бас редакторы:

Али Шагизаұлы

Редакторлар:

Абдельхалим Милена Евгеньевна
Утаралиев Айдос Нұрболатұлы
Алтынбекова Гулдана Сабыржанқызы
Құдайбергенов Дамир Бақбергенұлы
Аубакирова Назым

Редакция телефоны: +7 (776) 456 5646

“Atamura Education” ғылыми-әдістемелік журналы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің № KZ83VPY00045192 куәлігімен тіркелген «Atamura Education» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы.

Айына 1 рет қазақ және орыс
тілінде шығады.

Теруге 07.10.2024ж берілді
Басуға 10.110.2024ж

Таралымы 1000 дана

Журнал «Atamura Education» баспаханасында басылды

ISSN 978-234-852-698-1 «Atamura Education» ғылыми әдістемелік журналы

Мазмұны

Жубатова Рауза Жайлаубаевна Дарынды балаларды психологиялық сүйемелдеу.....	1-3
Адиева Жанна Жасулановна Мой карьерный путь и методический подход.....	4-5
Жуканова Айгуль Жайлыбаева Асық ойыны	6-8
Айманова Гульнар Алпысбаевна Дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау	9-10
Қайсарова Венера Тұрарқызы «Құрғақ жүннен панно жасау» тақырыбындағы шеберлік класс.....	11-13
Дауренбекова Кунслу Мукангалиевна "Менің Отаным Қазақстан".....	14-17
Умирбаева Нурсулу Тулесиновна Қазақстан Республикасының рәміздері.....	18-20
Жумабекова Сағыныш Бағитжановна «Мен Отанның бақытты баласымын».....	21-23
Дүйсен Мөлдір Серікбайқызы Ата заңым -Айбыным.....	24-25
Э. А. Байшетова “25 қазан Республика күні”.....	26-29
Мекебаева Кульсара Амреевна «Ана тілім - айбыным».....	30-33
Макеева Зауре Мой карьерный путь и методический подход	34-35
Жумагалиева Шолпанай Жиянбайқызы Аза заңым Айбыным.....	36-37
Жаламова Рахиям Хасамдуновна Көркем еңбек пәнінде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер	38
Ховон Зәурегүл Мұғалім мамандық па, әлде өмірлік ұстаным ба?.....	39-41

Ғылыми басылым

“Atamura Education” ғылыми-әдістемелік журналы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің № KZ83VPY00045192 куәлігімен тіркелген
«Atamura Education» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы.



Жубатова Рауза Жайлаубаевна
Ақтөбе қаласы Бауыржан Момышұлы атындағы
№62 жалпы білім беретін орта мектебі
мектепалды даярлық класс жетекшісі

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Аңдатпа: Мақалада мектеп жасына дейінгі бала бойындағы дарындылықтың жеке құндылығын және өзге балалардан ерекшеліктерін көрсетіп тұратын құбылыс екендігін, оның бойындағы қабілеттілігін психологиялық сүйемелдеу арқылы дамытуға болатындығы жайында баяндалады.

Түйін сөздер: дарынды бала, психологиялық сүйемелдеу, диагностика.

Баланың танымдық қызметі – дамуы үшін қажеттілік етеді. Дарынды балалардың ерте қалыптасқан «сурет әлемі» ерекше қасиеттерінің бірі болып саналады. Сурет салу – өзін көрсету білу тәсілі. Қағазға бейнені түсіру арқылы өз сезімдерін білдіру.

Педагог үшін басты мақсат – әр баланың психологиялық денсаулығы. Егер балада (сенімсіздік, қорғаныссыздық, агрессивтілік, тұрақсыздық, мазасыздық және үрей байқалса) соны суреттерінде бейнелеп көрсете алады. Педагог баланы қандай болмасын сол қалпында қабылдау керек, ол баламен қарым-қатынасты сақтап, жетістікке жеткізеді. Бала қауіпсіз болғанда ғана өз жан дүниесін ашады.

Музыкатерапия және бейнелеу өнерінің байланысында баланың ойлауы, қиялдауы, шығармашылық қабілеті дамиды. Қызықты ойын түрлері баланың сөздік қорын, бастысы – коммуникативті ойлауын дамытады, өз ойын еркін айта алуға, алған әсерлерімен бөлісуге, танымдық қызметін қалыптастырады.

Ұйымдастырылған іс-әрекеті синтезі бірнеше түйсіну және елестету түрлерінен құрылған. Балаларға тереңінен ойлауға, бұлақтың сылдыры немесе орман алқабында өздерін көбелек тәрізді сезінуді, гүлдің хош иісімен тыныстауды, жұлдызқұрт сияқты шөпке өрмелеуді, ауада құстар тәрізді самғауды ұсынады.

Ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында балалар бірнеше әрекеттесу кезеңнен (өнер әлемімен, балалармен, тәрбиешімен) өтеді. Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеті кезеңдерден тұрады:

1 кезең – ұйымдастырылған іс-әрекетіне психологиялық дайындықпен кіру, бірлескен жұмысқа топты дайындау, топта жақсы көңіл-күй құру.

2 кезең – таныс емес заттармен танысу: ойындар, релаксация, көрнекіліктермен жұмыс, слайд-фильм, арт-терапия элементтері.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



3 кезең – практикалық немесе материалмен жұмыс. Бұл кезеңге ұйымдастырылған іс-әрекетінің негізгі ойлау жүктемесі кіреді.

4 кезең – аяқталған немесе психологиялық жүктеме (ойындар, аудиотренинг, ата-аналармен байланыс). Ұйымдастырылған іс-әрекет қорытындысында жақсы көңіл-күй алу.

Әр ұйымдастырылған іс-әрекетінде жаңа ақпарат, қайталаулар болады. Балалардың көпшілігі бір мультфильмді қайталап көргенді, бір ертегіні бірнеше қайтара оқуды жақсы көреді, сондықтанда қайталау іс-әрекеттері оларға жақын, әрі түсінікті болады. Сәлемдесу және қош айтысу бір үлгіде өткізіледі.

Дарынды баланы психологиялық сүйемелдеу мақсаты:

Баланың психологиялық денсаулығын нығайту, ішкі жан дүниесіндегі көңіл-күй мен сезімін және шығармашылық қабілетін дамыту, коммуникативтік қарым-қатынасын жетілдіру.

Міндеттері:

- Өзара сенімділікке және ынтымақтастыққа тәрбиелеу;
- Танымдық процестерін дамыту;
- Эмоционалды тәжірибені кеңейту;
- Сурет салудың жаңа түрін оқып-үйрену, тәжірибе жасауды дамыту.

Балалардың беймазальық диагностика әдістемесі

Әдістеме мектепке дейінгі балалардың беймаза деңгейін анықтау үшін ұсынылады.

Зерттеу жүргізу үшін жетекші балаға парақ қағаз бен қарындаш беріп, олардан адамның бейнесін салуды сұрайды.

Түсіндіру.

Беймазальықты мына белгілер көрсетеді:

- Сурет салу кезіндегі өзгешеліктер. Беймаза бала жиі психологтан көмек сұрайды, мен дұрыс жасап жатырмын ба деп сұрақтар қояды т.б.;
- Сурет салу кезінде қисық үзіктерді салады;
- Суретті түзеткісі келеді. Түзетілген сурет жақсы нәтиже бермейді;
- Бөліктеріне зер салып қарау. Бала мұндай жағдайда кідіріп қалай жалғастырамын білмесе.

Егер сурет салу кезінде осы жағдайдың көптеген белгілері байқалса, онда балада беймазальықтың ең жоғарғы деңгейі болып саналады. Егер тек кейбір белгілері байқалса, онда оның сурет салуға деген сенімсіздігі болып саналады.

«Сия тамшысы» ойын-диагностикасы

Жетекші балаларға бірнеше түсті бояуларды алып, сия тамшысын жасап оның екінші бетке таңбасын түсіруін сұрайды. Одан кейін, бала сия тамшысына қарау арқылы неге ұқсайтынын айтуы қажет.

Түсіндіру.

- Агрессивті балалар қоңыр түсті таңдайды. Олар сия тамшысынан агрессивті бейнелерді көреді. (Жаман суретті әңгімелегеннен кейін, өздері қорқыныштан шыға алмайды).
- Сабырлы балалар сурет салу үшін ақшыл түсті бояуларды таңдайды және жақсы жағымды заттарды көреді. (Мысалы: көбелек, ертегі гүл шоқтарын, т.б.).
- Көңіл-күйі жоқ балалар қара немесе қызыл түсті таңдайды.
- Көңіл-күйі өте төмен балалар қызғылт және көкшіл түсті таңдайды.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Бірақ кей жағдайда, түстер мен баланың психологиялық жағдайлары ескерілмейді.

Балалардың коммуникативтік жүйесінің деңгейін ажырату әдістемесі:

Баланың даму деңгейі ортамен қатынасынан және ойын ойнау кезінде анықталады. Егер бала өз қатарлары арасында белсенді болса, онда оның даму деңгейі коммуникативті жүйе бойынша жоғары немесе дарынды бала болады.

10 ұпай – жоғары активті: үнемі өз қатарлары арасында ойынмен алданып, ортамен байланысады.

9 ұпай – өте активті: ойын кезінде белсенділік көрсетеді.

8 ұпай – активті: байланысқа барады, ойындарға қатысады, кейде өзімен қатар балаларды ортаға, ойынға шақырады.

7 ұпай – шапшаң активті: ойындарға қатысады, ортаға кіреді, ешкімнен көмек күтпейді.

6 ұпай – анықтау қиын, активті немесе пассивті: ойынға шақырса барады, шақырмаса бармайды, өзі белсенділік танытпайды, қатысудан бас тартпайды.

5 ұпай – тезірек пассивті, активтіден гөрі: кейде ортадан бас тартады, бірақ ойындар мен ортада араласады.

4 ұпай – пассивті: ойынға кейде қатысады, оны күштеп шақырған жағдайда.

3 ұпай – өте пассивті: ойын ойнамайды, тек қарап жүреді.

2 ұпай – тұйық, ойынға қатыспайды.

Ата-аналармен байланыс:

Жұмыс кезінде тәрбиешінің мақсаты – ата-аналармен сенімді қатынас орнату. Егер тәрбиеші мен ата-ана арасында байланыс тығыз болса, онда ол баланың жетістігі. Әрбір жетістігі шығармашылығы мен жеке өмірінде ата-аналарға жетіп отырады. Баланың жетістігі ата-ананың қолдауы арқылы пайда болады, сол себепті қатты қажет етеді.

Тәрбиешіге де ата-аналардың қолдауы қажет, осы жағдайда ғана оқу-тәрбие процесінде оларда жетістіктерге жетеді.

Ата-аналармен байланыста жеке және ұжымдық болуы мүмкін. Ұжымдық жұмыс өте әдептілік пен сақтықты қажет етеді, алайда ол ата-ананың сенімін жоғалтуы да мүмкін.

Ата-аналармен жұмыс кезінде балаларды бір-бірімен салыстыруға болмайды; әр баланың бойынан жақсы нәрсе тауып оларды мақтау; ата-аналармен жақсы, сенімді қатынасқа түсу; жеткілікті тілмен оларға диагностика нәтижесін айту; ата-аналардың пікірін тыңдау; ата-аналарды шығармашылық-білімді үрдіске тарту.

Міндетті түрде мына байланысты, яғни ата-ана – бала – тәрбиеші сақтау қажет, бұл балалардың өзіндік дарындылықтың ашылуы мен жетістіктерге жетуін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім туралы Заңы. Астана 2007.
2. Ү.Б.Жексенбаева. «Балалардың дарындылығын диагностикалау» әдістемелік құрал. «РАДиАЛ» баспасы «Алматы» 2005.
3. «Дарынды балалармен жұмыс» Қазақстан мектебі 2008 №6 34-36 бет
4. «Үздік білім берудің жолдары» Мектеп директоры 2010 №1 27-29 бет
5. «Дарынды оқушымен жұмыс» Мектеп директорының орынбасары 2010 №1 27-29 бет.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



**Павлодарская область. Город Павлодар.
КГКП «Ясли –сад №111 города Павлодара»
управления образования Павлодарской области
Воспитатель: Адиева Жанна Жасулановна**

«Мой карьерный путь и методический подход»

Каждый человек должен иметь профессию. Идеальное сочетание – это когда хобби является работой или наоборот. В таком случае человек идёт на работу как на праздник, он меньше устает, с удовольствием исполняет свои обязанности, у него проявляется креативность и всегда находится стимул. Все эти положительные факторы приводят к отличным результатам и можно много чего добиться в своей профессии.

Желание быть воспитателем, было заложено у меня с детства. Я, как и многие девочки любила играть в школу, детский сад представляла себя воспитателем : учила сестрёнку и её подруг со двора, а то и просто усаживала кукол и обучала их тому что знала сама.

Воспитатель – это очень нелёгкий и непростой труд, это постоянный поиск чего-то нового, это творческий подход, это новые открытия. И, чтобы быть всегда на высоте, необходимо постоянно совершенствоваться самой, необходимо желание расти в профессии. Не каждый человек обладает такими качествами как терпеливость, доброжелательность, толерантность, а главное любить детей, понимать и слышать других, ведь воспитателю приходится работать не только с детьми, но и с родителями. Задача воспитателя - показать и доказать родителям своих воспитанников, что ему можно доверять. Доверие – залог успешного педагогического процесса.

Детей в группе бывает много, и не просто в этом случае уделить внимание каждому ребёнку. И всё же каждый ребёнок нуждается в добром слове, в поощрении или порицании какого-то поступка, объяснении трудноразрешимой для него проблемы. В своей работе, стараюсь создать вокруг ребенка атмосферу любви и взаимопонимания, потому что такая обстановка способствует раскрытию индивидуальности ребенка. Не боюсь лишний раз похвалить ребенка, даже тогда, когда его успехи очень скромны. Это воспитывает у детей уверенность в себе, вызывает желание сделать следующий шаг.

Свою задачу в работе с детьми вижу в том, чтобы не переделывать или перевоспитывать ребенка, а понять и принять его таким, какой он есть, развить, обогатить личность ребенка



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



знаниями, умениями, эмоциями, жизненным опытом. Это не всегда легко, но я ищу, пробую, ошибаюсь, работаю над собой, радуюсь успехам.

Я стараюсь, как можно больше дать детям, и не просто дать, а преподнести в интересной форме. Очень много внимания уделяю творческому развитию детей: мы рисуем, лепим, мастерим, используя разные техники. В настоящее время дети более развитые и уникальные, чем были раньше, поэтому мы участвуем с ними в разных конкурсах, много беседуем и играем.

В своей работе я использую разные педагогические технологии (на данном этапе работаю над проектом «Сторисек»), разнообразные дидактические материалы, приемы, методы.

Активно участвую в жизни детского сада: показываю открытые мероприятия, провожу мастер – классы для воспитателей, принимаю активное участие в жизни детского сада.

Я – счастливый человек. У меня есть любимое дело. Я нахожусь в постоянном поиске. Ведь только творческий педагог может заразить своим теплом, верой, талантом.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Жуқанова Айгуль Жайлыбаева
Педагог –зерттеуші
«Ә.Марғұлан атындағы №71 ЖББОМ» КММ

Асық ойыны.

Асық ойынының пайда болуы. Қазақтың ұлттық ойындарының жалпы қалыптасу кезеңі біздің заманымызға дейінгі VII-IX ғасырлар. Қазақ жеріндегі көшпелі тайпалардың қай-қайсысы болмасын, қай кезеңде дамымасын олар тек өндірістік құралына пайдалануға жарамды тас, ағаш, сүйек тағы басқа табиғи заттар осы дәуірде қалыптасқан ұлт ойындарында қолданылады. Асық - қазақтың ерте заманнан келе жатқан ұлттық спорттық ойындарының бір түрі. Оны қазақтардан басқа қырғыздар, қарақалпақтар, алтайлықтар да ойнады. Жолаушы адамның жолдан аман оралуына асық үйірген. Баласы ұл болса, бесігінің басына бөрінің асығын іледі. Бәлежаладан аулақ, шымыр-қайратты болсын дегені. Қыз болса, бесігіне еліктің асығын (жабайт) тағады. Сұлу, көрікті болып бойжетсін деп ырымдағаны. Келіні құрсақ салғанда, атасы мен әжесі ырымдап асық жинайды. Онысы – ұл тілегені. Келінге көз тимесін, аман-есен босансын дегенге саяды.

Асық ойыны-қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Халқымыз асықты қастерлеген. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлттық ойындары да осыған икемделген. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді. Асық атудың жарысы ҚР Спорт және дене шынықтыру агенттігінің және ҚР Ұлттық спорт түрлері Қауымдастығымен бекітілген «Асық ойынының ережесі» бойынша өткізіледі. Асық — төрт түлік малдың тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінде болады.

Жаугершілік заманда бабаларымыз соғыс стратегиясын, соққы беретін тұсты асықты шашып жіберіп түсіндіріп, жоспарлаған. Есі кірген қазақ балаларының ең алғаш ойнайтыны да осы – асық ойыны. Асықтың түртүрімен балалар мен үлкендер де қызығып ойнаған (асықты қазіргі баспаларда балалар ойыны деп жүр). Кезінде үлкендер бұл асықпен иіру арқылы шешілмеген дауларын шешіп ымыраға келген күндері болған. Асық – төрт түлік малдың ішінде қой-ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Асық сойылған қойдың, арқардың, ешкінің, киіктің асықты жілігінен алынады. Оны шикідей де, піскен күйінде де сіңірінен тазалап, пайдалана береді. Шикі асық салмақты, берік келеді. Аңдардың да тілерсек тұсында болады. Қазақта асық қасиетті саналады. Есі кірген қазақ балаларының ең алғаш ойнайтыны да осы – асық ойыны.





Асықтың түр-түрімен балалар мен үлкендер де қызығып ойнаған.

Асық – Қазақ балаларының ең сүйікті ойыны Асық ойыны – Қазақ балаларының ең сүйіп ойнайтын ойыны болған. Бұл ойын балаларды мергендікке, төзімділікке баулиды. Қазақтың өмірінде мал шаруашылығы қандай маңызды болғандығының бір дәлелі осы – асық ойыны. Асық уақ малда қой, ешкіде, киікте, тау текеде болады. Асықтың бір кереметі оны ешкім қолдан жасап жатпайды. Табиғи нәрсе. Оның жақсы салмақты түрлерінен сақа жасайды. Қазақта «Қой асығы болғанмен қолыңа жақса сақа тұт, жасы кіші болса да ақылы асса аға тұт» деген мақал бар. Бір нәрсенің дайын екенін білдіретін «Сақадай сай» сөз тіркесі де бар. Асықтың Алшы, Тәйке, Бүк, Шік, Омпа деген жақтары болады. Оның ішінде алшы жатысын өте бағалаған. Өмірде жолы болған дәулетті адамдарды «Асығы алшысынан түсіп тұр» деп айтқан. Қазақтың ұлттық ойыны ретінде ережесін жазып, спорт ойынына енгізсе, болашақ ұрпақтарымыз бекем, әрі мерген, әрі төзімді қасиеттерге ие болар еді. Біздің ұрпақ осы асық ойынының артықшылығын көзбен көрген ұрпақ. Асық ойнайтын тақыр алаң жасау үшін сауыншы шешелеріміздің сиыр қораларын тазартып беріп, сабақтан бос демалыс кездерінде талай асық ойынының қызығын көруші едік- ау. Сақаны қорғасын құйып және асықты қынаны теріп алы, суға қайнатып, оның суына сақаларымызды бояйтынбыз. Қынамен боялған асықтың түсі өңбейді. Асық ойыны – балалар үшін ең қажет ойын.

Қазақы ортада сақалар құнды бұйым ретінде ойыншылардың арасында әртүрлі айырбасқа түсіп отырды. Мысалы, бір сақа екі асыққа айырбасталды. Ал құлжаның сақасы үш асыққа тең болған деген сияқты. Ойыншылар асықтың күтіміне ерекше мән берді. Әсіресе, әртүрлі түске боялған асықтар да жоғары бағаланды. Қазақ әйелдері жүн бояғанда бояудың басыртқысына немесе қалған қалдығына асықтарды салып, сәл қайнатып бояп беретін болған.

Физикалық қасиеттерді дамыту - білім беру саласы бойынша аяқ, табан, бұлшық еттерін дамытуда май табанның алдын-алу мақсатында гимнастикалық асық жолақшасын түстен кейінгі шынықтыру шараларында қолданамыз.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту - саласы бойынша сөздік қорды дамытуда түрлі-түсті асықтарды пайдаланып сөздерге дыбыстық талдау жасау, асықтардың атауына қарай, асықта белгіленген буындарды арқылы сөз құрастыру, сөзге сөйлем ойлау ойындарында пайдалану жұмыстары жүргізіледі. Бұл балалардың сөздік қорын, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамытады.

Сонымен қатар көркем әдебиет оқу қызметінде асықты түрлі әдеби жанрларда қолдану, асық атауларын пайдаланып төрт жолды өлең құрастыру балалардың шығармашылық қабілетін дамытады.

Шығармашылық дағдыларды дамыту- білім беру саласы бойынша балалар парақшада берілген шеңбердің ішіне асықты бояуға малу арқылы парақша бетіне нүктелер түсіріп, бірнеше рет қайталап жасайды. Нәтижесінде парақ бетінде әр балада әртүрлі бейне пайда болады. Балалар үшін бұл жасырын пайда болған бейне қызықты әрі сиқырлы сәт болады.



Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - білім беру саласы бойынша қарапайым логикалық-математикалық түсініктерді қалыптастыру және интеллектуалды-шығармашылық қабілетті дамытады. Осы сала бойынша балалардың тапсырманы стандартты емес жолмен деген ұмтылысын, тапқырлығын, зеректігін, ұғымталдығын дамытуда асық технологиясы бірден-бір тиімді әдіс. Кеңістікті бағдарлау арқылы асықты ұяшықтарға орналастыру, шертіп ату, санау, топтау және жіпке тізу баланың саусақ буындарына өте пайдалы. Бұл ойындар арқылы баланың қиялы мен ойы, ұшқырлығы, зейіні жан-жақты дамиды.

Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру - саласы бойынша әлеуметтік ортаға бейімделу біліктерін қалыптастыру, кез-келген ортада бірлесе әрекет ету балалардың ұжымда бірігіп отырып шешім қабылдауда асық ойынының орыны ерекше. Бала өз ортасында ойын арқылы дос табады, өзін еркін сезінеді, ойын ашық айта алады. Бейнелі ойлай біледі, қиялдай алады, өз қабілетін және мүмкіндігін шығармашылық әрекетте көрсетеді.

Атап айтар болсақ, кіші топтарда - бала боялған асық арқылы түстерді ажырата білуді үйренеді. Ал асықты ұяшықтарға салу баланың саусақ буындарына өте пайдалы. Балалар боялып, тесілген асықтарды бір түстен, жіпке өткізіп, тізбектейді. Тізу арқылы бала түстерді бір-бірінен ажырата алады, қолының ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтарымен жұмыс жасау арқылы, саусақтары иілгіш болып жаттығады, затты жіпке тізу, өткізу дағдысы қалыптасады. Мұның бәрі баланың қиялы мен ойын, ұшқырлығын, зейінін жан-жақты дамытады.

Ортаңғы топтарда – боялған үлкен, кіші асықтар арқылы, заттардың көлемін, кеңістікті бағдарлай білуге, логикалық ойлауды қалыптастыруға көмектеседі. 1ден 5ке дейін тура және кері санауға дағдыланады.

Ересек топтар үшін тапсырма қызықты әрі пайдалы. Баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті артады, эстетикалық тал-ғамы дамиды және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа үйренеді және 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдары қалыптасады, оларды танып және атай білуге, 1 және 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санап жаттығады, заттарды салыстыру арқылы мөлшерін анықтай білуге үйренеді.

Мектепалды даярлық топтарда – құрастыруға, санның құрамын ажыратуға, логикалық тапсырмаларды шешуге, реттік санауға, затты санмен сәйкестендіруде қабілеттерін дамытады.

Қорыта айтқанда, Асық ойынына атамыз Бауыржан Момышұлы «Асық үлкен халықтық тәрбие» - деп баға бергендей, болашақ ұрпаққа халықтық тәрбие беру, әрбір педагогтың міндеті деп есептеймін.






**Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы
№1 мектеп-гимназия
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Айманова Гульнар**

Сабақ : №1 Бөлім : Визуалды өнер		Мектеп: №1 мектеп-гимназия		
Күні: Сынып: 6		Мұғалімнің : Айманова Гульнар Алпысбаевна		
Сабақтың тақырыбы:		Дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан орындалған портрет)		
Оқу мақсаты:		6.1.6.2-Бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау		
Сабақ мақсаты		Бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды біледі, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтайды		
Сабақтың кезеңдері	Педагог іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2-мин	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу .Түгендеу. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашу - осы жұмысты орындау барысында қандай қиындықтар туындады? - осы жұмысты орындау барысында қандай сезімде болдыңыз?	Өткен сабақты еске түсіру не жасалып, не қарастырғаны жайлы еске түсіру.	Өзара бағалау	Практикалық материалдар, сымдар, желім, альбом
Сабақтың ортасы	Практикалық тапсырма. Сымнан портрет немесе портрет орындаңыз. Практикалық жұмысты жұппен орындауға болады. Сыммен қалай қауіпсіз жұмыс жасау керек екендігін көрсетеміз. Ыңғайлы жұмыс жасау үшін сым жұмсақ және бөліктерге бөлінуі керек. Арнайы құралдар көмегімен сымдарды қиюға болады. Мұғалім жұмыстың әсерлі және нәтижелі болу үшін оқушыларға әртүрлі қосу тәсілдерін көрсетуге болады. Оқушылар алғашында қысқа бөлшектермен жұмыс жасап, одан әрі бір-біріне жалғауға болады. Олар бір-біріне көмек беру үшін жұптасып жасауға болады. Керек болған жағдайда мұғалім оқушыларға көмек береді. Өздерінің орындаған жұмыстарын бақылай отырып, сымнан жасалған портреттің қаншалықты эмоциясы дұрыс берілгенін қарастыру керек. Жұмыстың мықты жақтарын және жетілдіру тәсілдерін сипаттаңыз.	Қауіпсіздік ережесінің сақталуын қадағалау керек. Оқушыларға қорғау көзілдіріктерін кию ұсынылады. Оқушылар өздерінің жасаған жұмыстарын таныстырып түсіндіріп кетеді. Оқушылар ой бөліседі. Бір-біріне сұрақтар қою арқылы талқыланады. Оқушылар бір-бірінің жетістіктерін бағалайды Оқушылар өз жұмыстарын көрсетіп сұрақтарға жауап береді. Оқушылар бір-бірінің жұмыстарына өз пікірлерін айтады - Сіздің портретіңізде	Материалдармен эксперименттер жүргізе алады; Сымның көмегімен бет пішіннің көңіл-күйін дәл көрсете алады; Көркем материалдарды ұқыпты қолдана алады; Қауіпсіздік ережелерін сақтайды; Бет мүшелерін дұрыс орналастыра алады; Жұмыстың сапалы орындалуы; Өзінің және өзгенің жұмыстарын талдау жасай алады.	Практикалық материалдар, сымдар, желім, альбом, фото суреттер, оқулық т.б.





Практикалық тапсырма нәтижелерін талқылау:
Жұмысты бағалау үшін қойылатын сұрақтар:
-портретте/автопортретте эмоция қаншалықты жақсы берілген?
-сызықтың көмегімен қаншалықты форма жақсы берілген?
- жұмыстың әлде де жетілдіретін тұстары барма? Егер бар болса, қандай?
Сұрақ

- Қай тәсіл сізге қиындық туғызды?
- Не себепті?

идея ретінде не түрткі болды?
- Қандай қиындықтар кездесті.
Ұсынысыңыз бар ма?



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Қайсарова Венера Тұрарқызы

Байғанин ауданы

«Қ. Жазықов атындағы орта мектебі» КММ-нің

«Құрғақ жүннен панно жасау» тақырыбындағы шеберлік класс

Шеберлік сабағының мақсаттары:

«Оқушы бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда көркем еңбек пәнінің маңызын айту; .

Құрғақ жүннен жасалатын бұйымдар туралы түсінік беру.

Жұмыста әртүрлі әдістерді қолдана отырып жүннен панно жасауды үйрету

Бұйымды жаңа технологиямен жасау түрін үйрету.

Ұлттық мәдени мұрамызды сақтауға, қастерлеуге, дамытуға насихаттау

Шеберлік сабағының міндеті:

Жүннен жасалған панно техникасымен танысу, сондай-ақ колористика бойынша түрлі –түсті реңктерді араластыру және пайдалану бойынша білім алу.



Панно дегеніміз не?

Панно – қоғамдық мәдени орындарды, үй –ішін көркемдеу үшін жасалатын өнер туындысы. Соңғы жылдары панно жанрлық жағынан ерекше дамыған.

Киіз басу технологиясы



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Шебердің қолынан шыққан қолөнер туындысын халықтың өмірінен, тұрмысынан бөліп қарау мүмкін емес. Күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпай келген қолөнер үлгілерінің бірі – киіз басу. Ғалымдардың айтуы бойынша қола дәуірінде пайда болды деген деректер бар. Киіз басу – ұжымдық үрдіс, бұған әдетте көрші әйелдер мен қыз-келіншектер шақырылады. Күллі еңбек үрдісі ән салумен, әзіл айтумен, рәсімдік әрекеттер жасау мен астасып жататын болған. Киіз басу үшін қой жүні, негізінен «күзем жүн» алынады.

/Бейне жазбаға назар аударыңыздар/

Сонымен қатар «Қ. Жазықов атындағы орта мектебі» КММ-де мұғалімдер арасында Құрғақ жүннен панно жасау тақырыбында шебер класс өткізілді. Бұл шебер класта мұғалімдердің көркем еңбек пәніне деген қызығушылығын арттыру және кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасын оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Шебер класта мұғалімдер панно жұмысын жүннен, топпен, жеке жұмыстарын қызыға жасады. Бұл жұмыс арқылы әр мұғалімнің өзіндік шығармашылық қабілетін дамытудың басты жолы.



/Бейне жазбаға назар аударыңыздар/

Бүгінгі сіздермен бөлісетін «Құрғақ жүннен жасалған панно» жасау тақырыбындағы шебер класымды ұсынамын.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Қорытындылау:

Сонымен біз бүгінгі сабақта құрғақ жүннен панно жасау технологиясы бойынша негізгі шикізат жүннен панно жасап үйрендік. Сіздерге бүгінгі шеберлік сабағы ұнады деп ойлаймын.

Ахмет Байтұрсынов ағамыз айтқандай: «Әрбір ұлт қолөнеріне көңіл бөлу керек», біз ұлттық қолөнерімізді әрқашанда құрметтеп, оны ары қарай осы заман талабына сай жетілдіріп, күнделікті тұрмыста пайдалана білу және жас ұрпаққа үйрете отырып, көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Қостанай облысы Әуликөл ауданы

*«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК
Дауренбекова Кунслу Мукангалиевна*

Білім күніне арналған тәрбие сағаты: "Менің Отаным Қазақстан"

«Балапан» ортаңғы топ

Тәрбиеші: Дауренбекова Кунслу Мукангалиевна, педагог-модератор.

Мақсаты: 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Бүлдіршіндер жүрегінде отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, мемлекетін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.

Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын

да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен

құттықтаймын! Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі

оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек

күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін,



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді). Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер. Балалар тақпақтар айтады.

Амина:

Әлемдегі барша жұрт,
Бас иеді білімге.
Білім күнін қарсы алдық,
Қыркүйектің бірінде.

Амели:

Білім күні, біл мұны –
Ойға сәуле шашады.
Баршамызға бұл күні,
Бақша есік ашады.

С.Алихан:

Бір дегенің – білім,
Білім – жарық күнің.
Екі дегенің – еңбек,
Еңбек бәрін жеңбек.

Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз. (балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Біз Әулиекөл ауылында, өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

Балалар: «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Жарайсыңдар!

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымыз бен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Балалар тақпақтар айтады. (маска тағады)



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Н.Алихан:

Өсті міне бойымыз
Өсті міне ойымыз
Қуанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойымыз.

Іңкәр:

Білім күні – мереке,
Ән салсамда әдемі.
Туған тілім – береке,
Сөз арнасам кәделі!

Қасым:

Қыркүйектің бірінде
Кеудем толы дірілге
Құлақ түйем елеңдеп
«Бақша» бір күнге

Алдияр:

Шаттанайық, күлейік,
Бүгін білім күнінде.

Айзере:

Сабақ оқып жүрейік,
Ерінбей біз күніге.

Таир:

Бақша біздің үйіміз,
Бізге білім беретін.
Ұстаз ана екінші,
Бізді жақсы көретін.

Айсултан:

Ізденбеген оңбайды,
Ізденсең ел қолдайды.
Ешкімге де Ешқашан
Білім артық болмайды!

Сергіту сәті.

Күндей болып күлеміз,
Гүлдей болып өсеміз.
Құстай болып ұшамыз,
Көбелектей қонамыз.
Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,
Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.
Білім — ғылым бастауы, мерекелі
Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Балалар тақпақтар айтады.

Ойын: «Ғажайып қоржын»

Дамытушы ойын: «Оқу құралдар»

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бүгінгі І-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды.

Сау болыңыздар!



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Қостанай облысы, Әуликөл ауданы
«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК
Өткізген: Умирбаева Нурсулу Тулесиновна

Қазақстан Республикасының рәміздері

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Әнұран

орындау.

Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да

қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен

құттықтаймын! Балалар, бүгін бізде ерекше

күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне,

бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші

қыркүйек күні барлық балабақшаларда,

мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Біз Қостанай облысы Аулиекөл ауданында туып, өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

Балалар: «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздеріңнің Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.

Білім — ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Тәрбиеші: Қыркүйектің бірінде,

Кеудем толы дірілге,

Құлақ түйем елеңдеп,

«Бақша» деген бір үнге.

Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-
мәтелдерді жалғастырайық

Білекті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

Кітап- білім бұлағы,

Білім – өмір шырағы.

Ақыл азбайды,

Білім тозбайды.

Оқы да біл,

Ойна да күл.

Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!

Ойын:Ғажайып қоржын

Міндеті:ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар,оқу құралдары бар.Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек,ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып,бөлек жинайды)



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдық та асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы —
Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын! Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



**Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл ауылы
«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК
Жумабекова Сағыныш Бағитжановна**

«Мен Отанның бақытты баласымын»

Міндеттері: Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Құрметті кішкене бүлдіршіндер! Баршаңызды 25 қазан Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға дендеріңізге саулық, мерекелік шат көңіл тілеймін.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

Әнұран орындалады.

Елші - Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Тәрбиеші:

- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау деймін.

Елші: - Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Тәрбиеші: - Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика күніне арналған тақырыптық сағат өткелі жатыр.





Елші: - Сәлем, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика? (Додокаэдрмен жұмыс)

Балалар: - Қазақстан Республикасы.

- Президент кім?

Балалар:- Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

- Отандарыңның астанасы қай қала?

Балалар:- Астана қаласы.

- Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?

Балалар:

- Өнұран, Туы, Елтаңбасымен.

Елші:- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?

Көк аспандай көкпеңбек

Көк емес ол тектен – тек

Қазақстан жалауы

Елдің ашық қабағы - Айтөре

Туыспыз біз бәріміз,
Бір Отанды сүйеміз.
Бақытты елде тұрған соң,
Бақытты өмір сүреміз. – Айару С

Қуат алған өзіңнен,
Туған елдің қызымын.
Бақытты етіп өсірген,
Отанымның гүлімін. -Алсу

Бақытты боп жүргенім
Сенің арқаң, Ұлы Отан.
Елім менің –тірегім,
Құшағында гүл атам. – Жансезім

Шығысыңнан арайлы,
Күліп атқан құба таң.
Сенен бақыт тарайды
Баршамызға Ұлы Отан.- Төре

Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің сен, Отан.
Мәңгі соғып тұратын
Жүрегімсің сен, Отан! - Жанайым

Ән: «Менің Отаным».

Тәрбиеші:

- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздыз көпұлтты біледі екенсіңдер. Онда біз ойын ойнайық.
«Бөлігін тап» пазлдарды құрастыру

Тәрбиеші: - Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің»,- деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

- Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы, тәртіпті бала болғандарың.

Елші қоштасып кетеді.

Байтақ дала жерім менің

Арта берсін даңқың сенің

Көк байрағың желбіресін

Егеменді елім менің – дей отырып, Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты баласымын» тақырыптық сабағымыз аяқталды.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



**Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл ауылы
«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК
Дүйсен Мөлдір Серікбайқызы**

АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ!

Міндеті: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Отанға деген сезімін ояту, рәміздерге деген құрметін арттыру.

Көрнекілігі: Тұңғыш президент Елбасы Н. Ә. Назарбаев, президент Қ.К.Тоқаевтың суреті, мемлекеттік рәміздер, слайд, әнұранның фонограммасы, жалаушалар.

(Балалар қолдарына жалаушаларын ұстап, музыкамен кіріп, шашырап тұрады)

Конституция күніне арналған «Ата Заңым - айбыным» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз!

Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. 1991жылы еліміз тәуелсіз ел болды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 - тамызда 1995 жылы өз Ата Занымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке «Конституция күні» деп аталды. ҚР Конституциясы — әділет жолын көрсетер мемлекетіміздің Ата заңы, айшықты құжаты.

Жүргізуші:

Алтын заңым қорғайды

Бар адамның теңдігін

Әділетті қолдайды

Арқа тұтып, ел бүгін.

- Балалар, біздің Республикамыз қалай аталады?

- Қазақстан Республикасы деп аталады.

- Дұрыс айтасындар. Біз үлкен, күшті мемлекет Қазақстанда тұрамыз. 130 –дан астам әр ұлт өкілдері бар. Әрбір халықтың салт –дәстүрі мен тілі бар. Ең бастысы Қазақстан деген ортақ үйімізде біздің әніміз де, сәніміз де жарасып, ынтымақ пен бірліктің арқасында тату –тәтті өмір сүріп жатырмыз. Өз рәміздеріміз бар, бас қаламыз астанамыз бар.

Жүргізуші: Отаным-алтын бесігім



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Жүректе мәңгі есімің!- деп Отанын әнге қосқан бүлдіршіндердің тамаша әнін тыңдайық!

Ән «Бақытты баламыз»

Жүргізуші: Ата заңым мемлекеттің айбыны

Ата заңым – ақыл-ойдын айдыны

Туған жердің, Қазақстан елімнің

Ата заңмен қорғалады байлығы.

Әр бала бақытты өмір сүруде өз құқықтарын білуге міндетті. Олай болса тамашалап көрейік!

(Музыка ойнап тұрады, балалар қолдарына құқықтары жазылған ақ қағаздарды ұстап ортаға шығып, кезек-кезегімен өз құқықтарын айтады)

Мен баламын...Өмір сүруге құқым бар!

Ерікті, тәуелсіз болуға құқым бар!

Отбасында тәрбие алуға құқым бар!

Демалуға құқым бар!

Азаматтық алуға құқым бар!

Емделіп, ем қабылдауға құқым бар!

Өз-өзімді қорғауға құқым бар!

Білім алуға, оқуға құқым бар!



Барлық балалармен Ата заңымызға байланысты суреттерді бояймыз.(Ұжымдық жұмыс)

Сұрақ-жауап арқылы тәрбие сағатын қортындылау.

Күні бүгін ата-бабаларымыздың асыл арманы орындалып отыр, ол-мемлекеттік, біртұтас Ата заңымыздың болуы. Осы Ата заңымыз халқымызға адал қызмет етеді деп сенеміз!



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылы
“Әдемі” бөбекжай балабақшасы
Э. А. Байшетова

“25 қазан Республика күні”

Тақырыбы: «25-қазан Республика күні»

Мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. ҚР рәміздерін қайталап, еске түсіру.

Көрнекілігі: Ту, Елтаңба, ұлы тұлғалардың суреттерін ілу. ҚР картасының суреті.

І. Әнұран.

Тәрбиеші:

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!
(Есік қағылады)



Елші:

- Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Тәрбиеші:

- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау деймін.

Елші:

- Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Тәрбиеші:

- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика күніне арналған оқу іс-әректімізді өткелі жатырмыз. Балалардан сұрап біліңіз.

Елші:

- Сәлем, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар:

- Қазақстан Республикасы.

Елші:

- Президент кім?

Балалар:

- Қасым Жомарт Тоқаев

Елші:

- Отандарыңның астанасы қай қала?

Балалар:

-Астана қаласы.

Елші:

- Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?

Балалар:

- Әнұран, Туы, Елтаңбасымен.

Тәрбиеші: Балаларға елтаңбаның, тудың суретін көрсетеді.

-Елтаңбаның қандай белгілері бар?

-Тудың түсі қандай? Қандай белгілері бар?

Елші:

- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендерінді қалай дәлелдейсіңдер?

-Қазақстан ,елтаңба, ту туралы кім қандай тақпақ, мақалдар біледі?

Мақал-мәтелдер:

Нұрлан Аружан: «Отан оттан да ыстық»

Икрам Бекжан: «Отан — отбасынан басталады»

Даулетбек Сафия: «Отан үшін отқа түс күймейсің»

Олжабек Нұрасыл:

Елтаңбасы елімнің



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Неткен көркем, әдемі
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі.

Жанатұлы Мирас:

Отан – сенің ата-анаң,
Отан – досың бауырың
Отан – өлкең астанаң,
Отан – аудан ауылым!

Қанатбекұлы Елнұр:

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.

Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем!

Ерәліұлы Ертөре:

Шықты тарап ой данадан,
Бері қарады жұлдыз беті.

Өзі қалап сайлап алған,
Елімнің бар Президенті.

Асқар Аруназ:

Әнұраным, жан ұраным
Туған жерім сағынарым.

Мәңгі-бақи шырқалады
Республика, Әнұраны.

Дидактикалық ойын «Мемлекетіме қалай көмектесем»

Сурет бойынша әңгімелеп беру.

— Мемлекеттім алға қарай дамуы үшін не істеуіміз қажет?
(білімді болуымыз қажет)

— Мемлекеттіз де мәдени орындар көп болуы үшін не істеу қажет?
(біз өнерлі болуымыз қажет)

-Мемлекетімізде спорт алаңдары көп болуы үшін не істеуіміз қажет?
(спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын сақтауымыз қажет)



-Мемлекетіміздің кең байтақ даласын игеру үшін не ітеуіміз қажет?

(Ерінбей еңбек етуіміз қажет)

-Мемлекетіміздің шекарасын қорғау үшін не ісеуіміз қажет?

(Батыр да батыл сарбаз болуымыз қажет)

Дидактикалық ойын:Тудың суретін құрастыру жұмысын жасайды

Мақсаты :балаларға тудың суретін құрастыра отырып, геометриялық пішіндерді ажырату, түстерді анықтауды үйрету

Сергіту Сәті:

Елімде тыныш, жерімде тыныш

Бейбіткүн әні шырқалсын.

Бақытты елім, жақұтты жерім

Тіл көзден сені сақтасын.

Тәрбиеші:- Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің»,- деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

Тәрбиеші: Балалар, егер біз Отанымызды сүйетін болсақ, оның мемлекеттік тілін жақсы білуге міндеттіміз. Мемлекеттік тіліміз қай тіл?

Балалар:-Қазақ тілі

«Көк аспанда желбіре көк Туым» тақырыбында сурет салу.

Елші:

-Сүйкімді балақайлар бүгін мен қойған сұрақтарға дұрыс жауап бергендеріңе көп-көп рахмет! Сендерге арналған сыйлықтарымды сендерге табыстайын

Тәрбиеші:-Елші сіз бізге қонаққа келгеніңізге көп-көп рахмет! Кәнекей балалар елшіге рахмет айтайық. Елші өз еліне кетуі керек. Сау болыңыз!

Тәрбиеші:

Мен қазақпын биікпін, байтақ елмін.

Қайта тудым өмірге қайта келдім

Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске

Жаса – жаса мәңгіге туған елім.

25 Қазан-Республика күніне арналған ашық ұйымдастырылған іс- әрекетіміз аяқталды.



**Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданы, Рахат ауылы
“Әдемі” бөбекжай балабақшасы
Мекебаева Кульсара Амреевна**

«Ана тілім - айбыным»

Мақсаты: балалардың өз балабақшасы туралы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қолданылатын көрнекіліктер: суреттер, слайд, музыка

Әдістемелік әдістер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап

Шаттық шеңбері

Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,
Туған тілім-анам тілі-өз тілім.
Туған тілім-далам тілі-өз тілім,
Туған тілім-адам тілі-өз тілім.
Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.



Балалар, сендер білесіңдер ме біз қандай
мемлекетте тұрамыз?

Біз қандай ұлтқа жатамыз?

Біздің елбасымыз кім?

Біз қай тілде сөйлейміз?

Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білеміз?

Балалар, бүгін біз тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз солай ма, ендеше тіл бізге не үшін керек?

Сөйлеу үшін, қарым-қатынас жасау үшін, бір-бірімізбен сөйлесу үшін керек екен. Бүгінгі
мерекеге басқада ұлт өкілдері келу керек еді олар неге кешігіп жатыр екен?

Кенет ұшақтың дыбысы естіледі.

Музыка әуенімен өзге ұлт өкілдері кіреді.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Сіздер неге кешігіп келе жатырсыздар?

Қонақтар: Сәлеметсіздер ме, ренжімеңіздер біз Қазақстанның әсем қалаларын аралап келе жатырмыз.

Тәрбиеші: Қанеки келген қонақтардан қай ұлттың өкілдері екен өздеріннен сұрап көрейікші.

Орыс ұлт өкілі: біз орыс еліннен келдік.

Грузин: ал біз грузинбіз.

Қазақ: ал біз қазақ қыздарымыз, сендердің бауырларыңыз.

Тәрбиеші: Қане ендеше келген қонақтарды да бүгінгі мерекені бізбен бірге тойлау үшін ортамызға отырғызайық.

Тәрбиеші: балалар, мына суретке назар аударайықшы.

Суретпен жұмыс.

Тәрбиеші: Бізге келген қонақтар біздің елдің рәміздерімен, қалаларымен танысты енді олармен бірге Әнұранымызды орындайық!

«Әнұран» орындалады.

Тәрбиеші: Балалар, бізге келген қонақтар біздің тіл мерекемізді тойлап жатқанымызды білу үшін оларға әдемі жыр шумақтарымызды айтып береміз бе?

Айлин:

Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған

Аңсар:

Ана тілің арың бұл
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тілінді құрметте!

Айша:

Ана тілім бал тілім
Өзің барда шалқыдым
Өз тілімде ән шырқап
Термелетіп балқыдым

Ержігіт:



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Ақыл ойын дананың
Ана тілден аламын
Ана тілім ардақты
Ақ сүтіндей анамның.

Жания:

Өсірген ой білімді
Сүйем туған тілімді
Мақсат етем әр сөздің
Мәнін терең білуді

Алихан:

Ана тілді білмесем
Шат-шадыман күлмес ем
Жер бетінде сайраңдап
Қазақ болып жүрмес ем

Арнұр

Ана тілің біліп қой
Еркіндігің, теңдігің
Ана тілің біліп қой
Мақтанышың, елдігің



-Жарайсыңдар балалар тіл туралы көптеген тақпақтар біледі екенсіңдер.
Ендеше бәріміз бірігіп ойын ойнайық.

Дидактикалық ойын: «Кім зерек?»

Ойын шарты: Тақтадан жануардың суреті беріледі. Сол суретке қарап, бала жануардың атын атап және сол жануардың төлінің атын атау керек.

-Тіл туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

1. Өнер алды қызыл-тіл.
2. Тіл қылыштан өткір.
3. Тіл тас жарады
Тас жармаса бас жарады.
4. Басқа пәле тілден.

-Балалар, мақал-мәтелдерді жақсы біледі екенсіңдер.

Балалар осы айтқан мақал-мәтелдеріңді естеріңнен шығармай үнемі жаттап жүріңдер. Жарайсыңдар балалар.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Қоржын тігу.

Шарты: фетр матадан дайындалған қоржынның тесіктері арқылы жіп өткізу

Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту, түстерді ажырату, ою түрлерін білу.

Қонақтар балалармен қоштасады.

Қорытындылау

Осымен біздің Тіл мерекесіне арналған оқу қызметіміз өз мәресіне жетті. Оқу қызметіне жақсы атсалысып қатыстыңыздар. Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау.

Бағалау және мадақтау.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



г Павлодар
КТКП ДПК «Жигер» подразделение «Эмеральд»
Макеева Зауре

Мой карьерный путь и методический подход

«Почему я выбрала профессию учителя?» Моя мама с детства говорила мне, что профессия педагог очень почетна и уважаема. В детстве я часто играла в школу, мы так и называли «игра в школу», и там я всегда примеряла роль учителя в учениках у меня были, подруги и друзья, иногда это были игрушки. Еще одной причиной, наверно, было и то, что мой отец был учителем в школе, преподавал изобразительное искусство и черчение. Семья у нас творческая, талант к рисованию у меня от отца.

Если меня спросят «Почему профессия учителя?» - я отвечу «Любовь, любовь к детям и рисованию» и, как бы банально это не прозвучало. Я люблю заниматься творчеством и люблю учить, поэтому это любимое дело!.

В данный момент я веду творческую **Студию «Visual art»** и **«Фантазия»**

Одна из основных целей деятельности учреждений образования – социализация детей в условиях современности. В достижениях данной цели, не последнее место занимает дополнительное образование, которое включает в себя разнообразие направлений, обеспечивающих интересы школьников. В наших организациях стремятся всеми доступными средствами создать условия для выявления, развития и поддержания творческих способностей учащихся.

В нашей организации много студий, где каждый ребенок может найти для себя занятие по интересам, более 10 лет я занимаюсь изобразительным, декоративно-прикладным искусством и обучаю творчеству в студии.

На занятиях, именно в условиях дополнительного образования, у нас есть возможность творить и создавать что то уникальное на кружке, у нас есть больше свободы для самовыражения, и это мне очень нравится.

Художественные студии, младшим школьником дают начало, пробуждают желание, «творить», выплескивать свои эмоции, развивать фантазию, создавать как объемные так и плоские творческие шедевры.

В рамках инклюзивного образования кружки посещают и дети с ООП. Каждый из них обретает реальную возможность для развития своих творческих возможностей. Ребенок,





вовлеченный в работу различных кружков и студий, реализует свои интересы и возможности продуктивной творческой деятельности и социального общения.

В своей работе с детьми с особыми образовательными потребностями педагогу необходимо ознакомиться с особенностями и трудностями в процессе обучения. Взяв за основу слова «Труд- лучший и истинный учитель» Аристотель

Только коммуникация совместное обучение, труд, совместное преодоление трудностей и празднование небольших побед помогают мне в воспитании гармоничной личности ребенка.

Плюсы в занятиях изобразительного искусства в нашей студии :

Методика работы студий включает в себя больше практическую часть с использованием наглядно-иллюстративного материала, а также работу на воображение. Наглядно - иллюстративная работа повышает интерес и делает более легким процесс его усвоения, поддерживая внимание ребенка.

Работа на воображение положительно влияет на развитие фантазий позволяя ребенку не ограничивать себя рамками и творить работы несуществующих образов. Воображение помогает ему планировать свою деятельность самостоятельно.

За время занятий в студий мы заработали не мало наград! Дети развивают творческий способности. Выберут ли они профессию учителя изобразительного искусства как и я, покажет время и их личный выбор.

Ну а если, конкретно о моей профессии учителя изобразительного искусства – про это можно писать очень много. Ну а если коротко, то скажу именно в нашем предмете, в процессе рисования ребенок концентрируется на своем рисунке, на одном занятии, что помогает развивать усидчивость и ребята всегда говорят: «Ну почему занятия всегда так быстро заканчивается»? А какую психологическую пользу приносит рисование, это отдельная тема. Но, иногда, бывают и дети, которые очень «закрыты» и не любят рисовать. Вот к ним нужен особый подход

«Почему я выбрала профессию учитель?» Мой ответ: я не выбирала, оказывается, я просто шла к этому еще с детства, маленькими шагами приближалась к профессии учителя и сама того не понимая, попала именно в педагогическую деятельность и не жалею. И вот, такие фразы слышатся, и читаются иногда: «Бедные учителя», «Как им трудно», «Разве в профессии учителя есть плюсы?» - плюсы есть! Учеба творчеству всегда в удовольствие, помимо занятий у нас каникулы, разные мероприятия, длинный летний отпуск – согласитесь, звучит как музыка и официальное трудоустройство. Вот и все. Всем добра и любви.





Алматы қаласы, Іле ауданы
6 мектеп
Жаламова Рахиям Хасамдуновна

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ӘДІС –ТІСІЛДЕР

Білім беру саласындағы әр пәннің қандай орта болмасын өзінің өмірге деген көзқарасы, айтар ойы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруда өзіндік үлес қосары анық. Технология атты жаңа интегративті білім саласын меңгеру оқушылардың жалпы білім мен дағдыны меңгеруіне мүмкіндік береді, интеллектуалдық ,тұлғалық ,этикалық дамуын ,өзіндік , кісіптік айқындалуын , қазіргі әлеуметтік –экономикалық жағдайға бейімделуін қамтамасыз етеді . Қазіргі қоғамның жаһандану үдерісінде адамзаттың ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен жаңа еңбек салаларының қалыптасып дамуына ықпал етуде. Ол адам еңбегінің икемді, қолайлы және тиімді орындалуына мүмкіндіктер жасап келеді. Соның бірі, өндіріс пен қызмет көрсету салаларында заманауи материалдардың пайда болуы, инновациялық даму болып табылады. Осы заманауи инновациялық технологиялар барлық қоғамның инфрақұрылымдарына үйлесімді енгізілуі негізінде тұрпайы еңбек түрлері еңбек нарығында жойылып, жаңа еңбек түрлерінің қалыптасуына ықпал етіп келеді. Соның салдарынан қазіргі еңбек нарығында жаңа мамандықтар пайда болып, олардың еңбек мазмұны да жиі өзгерістерге ұшыратып келеді. Осыған куә болытын үлгілерге өндірістердегі автоматтандырылған қондырғылармен өнімді жасау, сол сияқты қызмет көрсету салаларында кішігірім құралдар мен аппараттардың кеңінен қолданылып, маманның еңбек операциясын жеңілдетуге үлкен көмегі тиіп келеді. Бұл үлгілердегі құрал-жабдықтар қазіргі өндірісте , қызмет көрсету саласында және тұрмыста да кең орын алып келе жатқаны белгілі.

«Көркем еңбек» пәнін оқытуда –еңбек етудің алғышаттарын үйрену арқылы оқушыға берілетін тәлім -тәрбие үрдісін жетілдіру, жас ұрпақты қоғамдық өмірге , отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыру.

«Көркем еңбек» пәнінен оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізгі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімнің негізін қалыптастыру. Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады.

Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа , әдемілікті сезініп қабылдауға үйретеміз. Оқушы алған теориялық білімін іс- жүзінде қолдана отырып , оны өмірімен, өзінің іс- әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де пайдасын тигізе алады. Сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік. Көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударамыз. Бұл жаңа технологияларды негізгі үш топқа бөліп қарастыруымызға болады:





1. Ойындық технология- мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешімін іздестіруге құрылады. Жетекші әдісі – ойын. Оны ұйымдастыру түрлері: іскерлік, рөлдік, оқиғалық және білімдік ойындар.

2. Коммуникативтік технология – мүмкін болған барлық ақпараттарды қатыстыра отырып, оқу үрдісі оқушының өзара белсенді әрекетіне, қатынасына құрылады. Жетекші әдісі – қарым – қатынас. Оны ұйымдастыру түрлері: өзара, жұптық, топтық т.б.

3. Зерттеу технологиясы – проблемалық ізденіске, жаңалықтар ашуға құрылады. Жетекші әдісі – проблемалық оқыту әдісі. Осылармен бірге саралап, жеке дара, жеделдетіп оқыту, өзара оқыту, деңгейлеп оқыту, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау т.б. технологиялар көп қолданыс табуда. Бұл технологиялардың бәріне ортақ, негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамыту, оқуға шығармашылық ендіру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы т.б. Оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальдық, кәсіби, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытуда оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға да мүмкіндіктер көбеюде. Еңбек ету үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуі қажет.

Модульдік оқыту технологиясы. Тігін бұйымдарын молельдеу. Модульдік оқыту технологиясы-балаларға жеңілдік жасап, оқушы мен мұғалім қарым-қатынасына теңдік жағдай жасап, оқушыларды қатты қыспай, еркін сөйлеп қызықтырушы көрнекілікпен баланы баулап, алып кету. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызыметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа модельдерді көп қолданған жөн. Әр пән мұғалімі жаңа технологияларды меңгеріп, пәнаралық байланыс, кірістіру сабақтарын кеңінен қолдану қажет. Себебі оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады. Жас өспірімдерді еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады. Олар білім алушыларды еңбекке практикалық тұрғыдан даярлау. Білім алушылардың ынтымақ және қабілетін дамыту еңбек тәрбиесіндегі жеке міндеттердің бірі. Еңбек тәрбиесі барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Технология мектепте» әдістемелік журнал 2014 №4
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық /үшінші деңгей/ Әдістемелік құрал Астана 2015
3. Т .ІІІ. Оралбекова .Технология оқулығы . Алмат





**Қарағанды облысы Абай ауданы
«Есенгелді жалпы білім беретін мектебі»
Ховон Зәуреғұл**

Мұғалім мамандық па, әлде өмірлік ұстаным ба?

Жалпы, бұл өмірде басқаға үйретуден артық қандай игі іс бар дейсің? Өмірлік жолында түйген азығыңды, біліміңді ұштастыра отырып, өзгеге өнеге үлгі ету-үлкен өнер дер едім. Ұстаздық жолы-екінің бірі шыдай беретін мамандық емес. Білім көзін ашу үшін бойыңа берген небір қабілетті ұтымды пайдалану керек. Егер маңдайыңа өмір бойы шәкірт тәрбиелеу жазса, сөзсіз осы жолмен жүресің. Мұғалімдік әкенің ұлына қатаң қарағанындай, шешенің қызына өнеге үлгі айтқанындай аса бір жауапкершілікпен міндеттелген қызмет.

Мұғалімдік тек мамандақ ғана емес, өмірлік ұстанымдада кезігеді дер едім!

Қазіргі жастар көбінесе шәкіртақысы көбірек тағайындалған және өлмейтін маман иесі деп осы жолды тандап жатады. Бірақ, мұғалім болу үшін даналық, даралық, тұлғалық қасиет керек дегенге көптің ішінен бірі ғана мән береді. Бұл жол өзгеге ақыл айтқандай, біреуден ақылды, біреуден озық көріне салатындай жеңіл жол емес. «Ұстаздық еткен жалықпаз, үйретуден балаға»-демекші, шынайы ниет болмаса, өз уақытыңды жоғалтатын сала дер емес едім.

Әрине, мұғалім-мамандық және сол мамандыққы тән өмірлік ұстаным деп сенімді жауап берер едім. Мұғалімдік үшін тек қана жоғарғы оқу орнын тәмәмдап, диплом алу аздық етеді. Мысалмен дәлелдей кетсем, әлемдегі

«Мұғалім міндетін атқару үшін Әл-Фараби» ұстанымын қазіргі мұғалімдерге үлгі етуе болады!

Білімді, сауатты, сегіз қырлы, бір сырлы, өмірлік ұстанымы айқын болашаққа сенімді болуы шарт. Ұстаз-біліммен, ғылыммен шектеліп қалмауы керек. Жан-жақты, өнері болумен қатар, жан-дүниесі таза шәкірттерін өз баласынан кем көрей, бойындағы ізгі жақсы қасиеттерін бала бойына сіңіруге, шәкірттерінің жүрегінен орын алуы абзал!

Өмірде мамандық түрлері өте көп. Сол маман иелерінің бірі де, бірегейі де-мұғалім. Бұл маман иелері: Мейірімді оқушының тілін табатын адал, ұлт жанды, қарапайым, еңбекқор, өз ісіне төзімді, тиянақты болуы жөн. Мұғалімдік-аса жауапты, көпке үлгі, сыйлы адам.

Үйренсем, оқысам, білсем деп келген шәкірттерін жан тәнімен қарсы алып, бар білімін бала санасына құйып, бала арманымен оның сырлы тағдарына көңіл бөліп, майнына алған асыл жандар. Осы асыл жандарды, шәкірттері сыйлайды, бағалайды, өмір бойы жадында ұстайды, ұмытпайды.

Ендеше, мұғалімнің еңбегі –ерен! Яғни мұғалімдік менің мамандығым ғана емес, сонымен қатар өмірлік ұстаным.



**Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы
"Айгөлек" бөбекжайы" КМҚК
Жумағалиева Шолпанай Жиянбайқызы**

Ата заңым Айбыным

Міндеттері: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін ояту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі екеніне көз жеткізу.
Көрнекілігі: мемлекеттік рәміздержылжымалы папка, әнұранның фонограммасы, жапстырмалы ойын

Балалар шаттық шеңберге тұрып амандасады:
Амансың ба, көк аспан!
Амансың ба, жер - ана!
Амансың ба, достарым!
Сендерді көрсем қуанам.

Тәрбиеші сұрақтар қояды, балалар жауап береді.

- Арайлаған танды сүйетін кім?
- Алтын сәулені сүйетін кім?
- Жарқын даланы сүйетін кім?
- Туған жерді сүйетін кім?
- Ата - ананы сүйетін кім?
- Досын сүйетін кім?
- Еліміздің болашағы кімдер?



Тәрбиеші: - Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 - тамызда 1995 жылы өз Ата Заңымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды

Іңкәр: 30 тамыз

Отызыншы тамыз бұл,
Конституция күнімен.
Құттықтаймын баршаны,
Шырқап айтар жырыммен.

Димаш: Ата заңның үнімен
Ата заңның үнімен,
Тәрбиені баптайық.
Конституция күнінде,
Тойламай жай жатпайық.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Айсұлтан: Конституция күні бұл
Конституция күні бұл,

Тынышыңды сақтайтын.

Ата заңның үні бұл,

Жақсылыққа баптайтын.

Амина: Жарассын ән-жырымыз

Жарассын ән-жырымыз,

Болмай біздің мұңымыз.

Ата заңды құрметтеп,

Шыға берсін үніміз.

Арсен: Аман болсын басымыз

Ата заңды құрметтеп,

Жүрейікші біз бірге.

Конституция күні деп,

Құрметтейік біз күнде.

Айзере: Таусылмасын әніміз

Конституция күнінде,

Қуанайық бәріміз.

Шаттық, бақыт сыйлайтын,

Таусылмасын әніміз.

Елдігімнің – реңі,

Тендігімнің – тірегі,

Мүддесінен халықтың

Ажырамас бір елі.

Алтын заңым – арай таңым!

Балаларға конституция кітабының суретін көрсету.



Тәрбиеші: Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар. Мемлекеттің барлық азаматтары - үлкендерде, балалар да - мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуді тиіс.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Өз еліңнің Туын, Елтаңбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

- Балалар, біз қай елде, қай Республикада тұрамыз?
- Қазақстанның елордасы қай қала?
- Президентіміз кім?
- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?
- Балалар сендер рәміздер туралы білесіңдер ме?

Жүргізуші: Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай үстінде қазақ үй

Қалықтаған жас сұңқар.

Шарықтаған таза күн

Бұл таңбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі.



Балаларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

Ән: «Отаным – Қазақстан!»

Жүргізуші: Отан туы желбіреп,

Көз тартады құбыла.

Біз қараймыз елжіреп,

Туған жердің туына.

Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.



Жүргізуші: Әнұраным - жан ұраным,

Айтар әнім, сөйлер сөзім.

Туған жерім сағынарым,

Мәңгі - бақи шырқалады,

Республика әнұраны.

Балаларға әнұран айтуды ұсынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.

Дидактикалық ойын: «Менің Отаным – Қазақстан»

Балалардың ойлау қабілетін, зейінін, мұқияттылығын дамыту, Ұқыптылыққа баулу. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қазақстан туралы бейне – ролик көрсету.

Жүргізуші: Конституция күні баршамызға құтты болсын!

Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып «Ата заңым - Айбыным!» атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



атамұра

ғылыми-әдістемелік
орталығы



Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Республикалық «Atamura Education»
ғылыми-әдістемелік журналы



Мерзімдік басылым
лицензия нөмірі №KZ83VPY00045192